

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 сәуірдегі N 440 қаулысына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 76 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 728 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қазандағы N 1586 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1586 Қаулысымен.

Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің терроризмге қарсы іс-қимыл жасау бөлігінде функцияларын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 сәуірдегі N 440 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 12 ,
1 1 6 - қ ұ ж а т) :

тақырыбы "қауіпсіздікті" деген сөзден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспеде "тиімділігін арттыру" деген сөздерден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта "қауіпсіздікті" деген сөзден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

тақырыбында және кіріспеде "қауіпсіздікті" деген сөзден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"қауіпсіздікті" деген сөзден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды"
" деген сөздермен толықтырылсын;

"қауіпсіздігін" деген сөзден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды ұйымдастыруды" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "қауіпсіздікті қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін "және терроризмді болдырмау" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3), 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) көліктегі қауіпсіздік және терроризмге қарсы іс-қимыл жасау саласындағы ахуалды және проблемаларды талдау, оларды тиімді шешу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің, халықаралық шарттар мен келісімдердің негізінде көлікте террористік актілерді болдырмау және олардың алдын алу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

5) қару-жарақ, оқ-дәрі, радиоактивті, жарылғыш, есірткі және психотроптық заттарды, жалпы алғанда қауіпті жүктерді көліктің барлық түрлерімен тасымалдау кезінде, оның ішінде олардың заңсыз жылжу жағдайлары бойынша заңнамамен қауіпсіздіктің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ететін құқықтық және экономикалық тетіктер бойынша ұсынымдарды әзірлеу.";

6-тармақта "қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін "және терроризмнің алдын алу" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Үйлестіру кеңесінің қызметін Үйлестіру кеңесінің мәжілістерінде төрағалық ететін, оның жұмыс жоспарын бекітетін және Үйлестіру кеңесі қызметінің нәтижелеріне жауапты болатын оның төрағасы басқарады.

Үйлестіру кеңесінің жұмысы екі бағыт бойынша жүргізіледі:

1) көліктегі пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) көліктегі терроризмге қарсы іс-қимыл жасау және оның алдын алу.

Үйлестіру кеңесінің мәжілістеріне сұрақтар дайындау, жұмыс бағыттары бойынша ұйымдық мәселелерді шешу Үйлестіру кеңесінің жұмысына жауапты жұмыс органдарына, тиісінше: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (келісім бойынша) жүктеледі.";

12-тармақта "министрлігі" деген сөзден кейін "мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті" деген сөздермен толықтырылсын.";

2) "Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 76 өкіміне :

тақырыбында және 1-тармақта "қауіпсіздікті" деген сөзден кейін "және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды" деген сөздермен толықтырылсын;

Үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

"Нағманов - Қазақстан Республикасының Көлік
Қажымұрат Ыбырайұлы және коммуникациялар министрі,
төраға

Дүтбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Нартай Нұртайұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы,
төрағаның көліктегі терроризмге

қарсы іс-қимыл жасау мәселелері
жөніндегі орынбасары (келісім

бойынша)

Ақшанов - Қазақстан Республикасының
Болат Қасымұлы Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының орынбасары

Уажанов - Қазақстан Республикасының
Тұрсын Үшбайұлы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара
қызметі директорының орынбасары

(келісім бойынша);

көрсетілген құрамнан мыналар шығарылсын: Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы,
Жұмабаев Бейбіт Тейнелұлы, Несіпбаев Құрман Қасенұлы, Нұриманов Мақсұт
Әнуарбекұлы, Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы;

3 - т а р м а қ т а :

"жұмыс органы" деген сөздер "жұмыс органдары" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"министрлігі" деген сөзден кейін "мен Қазақстан Республикасының Ұлттық
қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі